

3 СЕКЦИЯ
ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІ: ЕУРАЗИЯНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ МҰРАСЫ
ИССЛЕДОВАНИЯ ТЮРКСКОГО МИРА:
КУЛЬТУРНО-ИСТОРИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ ЕВРАЗИИ

ӨӘЖ УДК 323/324 (574):327

Арынғазиева Б.Б. *

филол.ф.к., профессор м.а. ОҚМПУ, Шымкент, Қазақстан

БАТЫСТАНДЫРУ ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ ШЕҢБЕРІНДЕГІ
ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖАҢАРУ МӘСЕЛЕСІ

Автор корреспондент: aryngaziyeva.bayan@mail.ru

Түйін: Батыс өз экспансиясы, артта қалған халықтарды отарлау саясатынан басталады. XX ғасырда Батыспен қатар әлемдік мәселелерді шешуге қатысқан КСРО, Қытай, Үндістан, ислам елдері тарихи сахнаға шықты. С.Хантингтон сегіз суперөркениеттер туралы айтты. Вестернизацияның қарқыны бәсеңсігендей болды. Түркі халықтарының вестернизацияға берген жауабы өнеге тұтарлық. Қазақ халқымен тағдырлас Түркияда жүргізілген батыстандыру процесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Дін мен саясат мұсылман елдерінде тығыз қабаттасып кетті. Кемал Ататүрік бұл мәселеде көрегендік танытты. Түркиядағы «Танзимат» және Ресейдегі милләтшілдік пен жәдидшілдік идеялары ықпалымен дамыған діни-реформистік ағым исламға түбегейлі өзгерістер енгізді. Жәдидшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақты» қалыптастыруға ұмтылды. Қазақстанда да «Түрікшілдік бағыт» қалыптасты. Бұл бағыттың өкілдері түркілік өркениет тұтастығы контекстінде қазақ адамын қалыптастыруға шақырды. Бұл типтің басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғырту, тәңіршілдік, Батыс пен Шығыстан даралану, қазақ халқы түріктің қара шаңырағының иегері деп мойындау, т.б. жатады.

Кілттік сөздер: рәміз, экспансия, халық, дала адамы, отарлау, саясат, шығысасия, тернарлық әлем, мәдени дисперсия, синкретизм, тәңіршілдік, сакральды, номадизм, ілкі тек, автохтонды мәдениет, медиа-мәдениет, экономика, руханилық, лингвистика, экология, генеалогиялық сана, элита, батыс, технология, батыстық ойлау, архетип, дін, мұсылман, этнос, этносаясат, этноним.

Бүгін, қазақ халқының XX ғ. экономикалық және әлеуметтік дамуына, түркі халықтарының рухани бірлігін сақтауы мен мәдениетінің өркендеуіне, тәуелсіздік идеясын бастаған тұлғаларының бірі атақты ғалым, мемлекет қайраткері Т.Рысқұловтың туылғанына 125 жыл толуына орай, «*Қазақ елінің ұмытылмас ұлы тұлғалары*» атты халықаралық ғылыми конференция ҚР тәуелсіздігінің 28 жылдығымен орайлас өтіп отыр. Бұл жылдары біздің ел демократиялық өзгерістер мен нарықтық экономиканы қалыптастыру және әлеуметтік жаңару жолымен алға қарай нық қадам басып келеді. Қазіргі жағдайларда қазақ халқының кең даласында өзін әлемге паш етіп ашық көрсеткен бейбіт те еркіндік сүйгіш мемлекет құрылып келеді. Еліміздің саяси тұрақтылық, азаматтық, конфессияаралық және этносаралық келісім жағдайында өмір сүруінің өзін тәуелсіздік тұсындағы оның ең басты жетістігі ретінде батыл бағалауға болады. Қазіргі көпэтносты Қазақстанның тәуелсіздігінің нығаюының оның өркениетті, демократиялық мемлекет ретінде үдемелі дамуының әлеуметтік-мәдени берік негізі оның халқының тарихи тағдырларына қарай өз тарихи Отанының шекарасынан тыс қалған отандастарымен өмірдің барлық саласында тығыз әрі тиімді ынтымақтастықты нығайта отырып бірігу мен шоғырлануға, рухани жаңғыруға бет алуы құрайды. Адамзат дамуының тарихында айрықша орын алатын XX ғ. аяғында ұлан-ғайыр Еуразия кеңістігінде тәуелсіз жаңа мемлекеттер пайда болды. Тарихтың шешуімен, тағдырдың жазуымен өзінің байырғы ата-бабасынан келе жатқан ата жұртында қазақ халқы да шаңырақ көтеріп, ту тікті. Қазақстан Республикасы деп аталатын жаңа мемлекет Біріккен Ұлттар Ұйымының толық мүшесі болып, мемлекеттік рәміздерін анықтап, шекарасын бекітіп, ұлттық теңгесін

шығарды. Әлем алдында қазақ халқы өзге халықтармен терезесі тең дәрежеде сөйлесе алатын болды. Жаңа дәуір қарсаңында қазақ деген ұлт барын, ол құрған зайырлы тәуелсіз мемлекет барын бүкіл әлем тани бастады. Сондықтан, біз «түрік» ұғымын қарастырсақ, «түрік» этнонимі алғашқы кезде белгілі бір адамның ата-тегі шонжар топтағы немесе әскери ақсүйектерден шыққанын білдірген. Кейінірек, бұл сөздің семантикасы бірте-бірте ұлғайып, билік жүргізуші, үстемдік етуші, яғни, «патша» шыққан тайпаның символы болған. Бертін келе сол билік етуші тайпаға бағынышты болып қалған тайпаларды да көршілері түріктер деп атап кеткен. Түркі дүниесінің бүгінгі күні дүниежүзілік өркениетте ерекше орны бар екені белгілі. Ежелгі түркі халықтарының қазіргі ұрпақтары бір-бірімен рухани туыстық қарым-қатынасты жақсы жолға қойған. Әлемдік өркениетте айшықты қолтаңбасы бар түркі дүниесін руханият саласындағы қоғамдық ұйымдардың белсенді қызметі арқылы да танимыз. Біздің елде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданған. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың өзі айрықша назар аударып отырған осы бағдарлама бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі бағыттарының бірі – ежелгі дәуірдің мұрасын зерттеп, жарыққа шығару. Ал, біздің арғы тарихымыз ортақ, рухани бастауымыз бір екені белгілі. Ендеше, біз, бұл бағдарлама аясында бүкіл түркі дүниесіне ортақ рухани құндылықтарды түгендей алады екенбіз. Өз кезінде Ш.Уәлиханов, қазақта «бірде-бір мәнді оқиғасы, бірде-бір керемет кісісі туралы айтылмай қалғаны, халық жадында сақталмай қалғаны жоқ», – деп атап өткен [1, 148-166 бб.]. Расында да, қазақ мәдениетінде, төл әдебиетінде үлкен деректік қор бар. Ол деректемелердің тарихи шындықты суреттеудегі ерекшеліктері ғылымда қарастырылмай келді. Бүгінгі күнде түрік тілдес халықтармен ҚР өте тығыз байланысады. Мысалы, 2010 ж. 25-29 сәуір аралығында Чешме қ. (Измир, Түркия), Эгей теңізінің жағалауында Түркі әлемінің II Халықаралық мәдени конгресі болып өтті. Түркі халықтарының Құрылтайына Еуропа, Азия, Африканың 37 мемлекетінен 500 қатысушы жиналды. Конгресте мынадай ойлар айтылды: «...барлық түркі халықтарының өкілдері жиналып, ой алмасуы қуантарлық жайт. Біздің институттар ашып, бірігіп жұмыс жасауға, зерттеулер жүргізуге мүмкіндігіміз бар. Біз жиі және әдет бойынша өз зерттеулерімізде батыстық ғалымдарға, батыстық деректерге сүйенеміз, бірақ, сөз алғандардың ойлары көрсеткендей барлығына басқа көзқараспен қарау қажеттілігі туындап тұрғандай. Түркі тілі қазіргі заманғы коммуникация тіліне айналып барады. Қазақ немесе түрік тілі бола ма маңызды емес, бастысы – түркі тілі. Түркі әлемінің, түркі мәдениеті, тілінің тұтастығы» [2].

Б.д. I мыңжылдығында Еуразия даласындағы этникалық орта бірте-бірте өзгере бастады. Бұл кезде қазіргі түркі тілдес ұлттардың тікелей ізашарлары әрі бабалары болған ірі этносаяси бірлестіктер пайда болды. Бұл дәуірде ***далалықтардың рухани мәдениеті мынадай жаңа сатыға көтерілді:*** а) ежелгі түркі жазбасы кеңінен таралып, жазба түркі әдебиеті пайда болды; ә) түркі тайпалары сол дәуірдегі ұлы діндер – буддизм, манихей, христиан, ислам діндерін танып, басқа өркениеттердің жетістіктерін игерді. Көшпелі тұрмыс жағдайларында өзгеше төл мәдениет қалыптасты. Түркі мәдениеті жоқ жерден пайда болған жоқ, ол өзінің құндылықтар жүйесіне үйлескен барлық мәдени жетістіктерді сіңіріп алды. Қола дәуірінің бас кезінде пайда болған және скиф-сақ дәуірінде гүлдену шыңына жеткен еуразиялық тайпалық құрылымдардың тарихы мен мәдениетіндегі ортақтық пен сабақтастық, ежелгі түркі тарихының басталуымен жоғалып кетпей, жаңа этникалық рендерге боялды. Өкінішке орай, тарихта біздің алыс бабаларымыз туралы ақпарат өте аз, ал, ғасырлар тереңінен жеткен шағын мәліметтер өткен тарихты толығымен сипаттай алмайды. Ең бастысы түркі тілі дін тілі, ғылым-білім тілі, мемлекет тіліне айналды. Қ.А.Ясауидің рухани мұрасын зерттеп жүрген философ Д.Кенжетай Қ.А.Ясауи ілімі туралы былай дейді: «Мұсылман дінін қабылдаған түркілерден басқа, өзге діндердегі қаншама түркі тайпалары болды. Олардан басқа христиандық бағыттағы православие мен католик шіркеулері болды. Олардың арасында мемлекеттік идеологияға айналу жолындағы күрес басталды. Сол күресте мемлекеттің негізгі тірегі болған, түркілердің рухани қажетін толық өтей алатын Ясауи жолы жеңіп шықты. Ясауи жолы мемлекеттік

идеология дәрежесіне көтерілгеннен кейін тек діни рухани мәселелермен шектеліп қалған жоқ. Мемлекеттің құрылымдық жүйесін толық өзгертті. Қазіргі қазақ халқы құрамындағы рулық, тайпалық жүйелердің, жүздердің тарих сахнасына шығуы, осы Ясауи жолының Жошы ұлысында мемлекеттік идеологияға айналуымен тікелей байланысты. Міне, осы кезеңде Жошы ұлысы құрамындағы түркілердің рухани, мәдени тұтастығын қалыптастырған Ясауи жолының өкілдері – әулиелер болатын. Қазіргі қазақ шежірелеріндегі әр рудың, тайпаның басында тұрған тұлғалар осы Ясауи жолы өкілдері еді. Сол кезеңнен бері Ясауи жолы түркі халықтарын ұйыстырушы рухани негізге айналды. Түркі-ислам өркениетінің шекарасын қазіргі кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, түркі жылқысының тұяғы тиген жер емес, Ясауи жолының, Ясауи идеясының тараған жері болатын. Осы жолдан шегінген әрбір қадам түркі мемлекетінің тарих сахнасынан кетуіне ықпал етіп отырды. Алтын Орда сияқты алып империяның күйреуі, осы Ясауи жолынан Жәнібек ханның бас тартып, орнына ислам дінінің ирандық формасын мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеруімен тікелей байланысты болды. Өзгенің діни танымын қабылдамаған халық Жәнібекханнан бас тартып жеке ел болуға әрекет жасады. Тарихи жазбаларда ізі қалмаған, қазақ және өзге түркі халықтарының аңыздарында сақталған Алаш мемлекеті осы кезеңде өмір сүрді» [3]. Сонымен, Қ.А.Ясауи, Қорқыт, Асанқайғы, Бұқар жырау – бұларды философиялық деңгейде ой айтпады деп қалай айтамыз. Қ.А.Ясауидің қазаққа жасап кеткен жақсылығы – өзге елдер исламды фундаментальдық негізде қабылдаса, ол кісі халықты Исламға бұрған жоқ, керісінше, Исламды халықтың менталитетіне орай сәйкестендірді. Осы кезде сопылық ілімі пайда болды. Қ.А.Ясауи бабамыздың өз мектебі болған. Бұған дейін мұсылмандыққа қазақтар мойынсұнбаған. Ол өзінің ерекше білімімен, ел арасындағы беделімен мұсылмандықтың қазақ қоғамына таралуына жағдай жасаған. Соны дұрыстап зерттеп, өзімізге керегін алу керек. Діни тазалық болмай, имандылық болмай, біз ешуақытта дамыған елдер қатарына ене алмаймыз. Қазіргі қоғамда «Ислам діні кенжелеп қалған, оған реформа керек, буддизм мен христиан дініне табынатын елдер оқ бойы озып кетті» деген пікірлер көп таралып жүр. Бұл – жаңсақ пікір. Айталық, VIII-XII ғғ. мұсылман мемлекеттері алдыңғы қатарлы дамыған елдер қатарында болған. Мұсылман мәдениеті ең озық мәдениетке қол жеткізген. Бүкіл ғылымның, тәрбиенің, мәдениет пен барлық оқу құралдарының бастауы мұсылмандықта. Бүкіл Еуропа мұсылмандардан үйренген. Мәселен, Еуропаға монша мұсылмандардан барған. Бүгінде, ғылым мен өркениеттің биік белестерін бағындырған мұсылмандарға басқа халықтар қызыға таңдай қағып, олардың мәдени, ғылыми, зияткерлік, рухани және материалдық қазынасынан сусындауға тілек білдірушілер саны еуропалық халықтар арасында күрт көбейген. Мұсылман мұрасымен танысу және оны еуропалықтардың меңгеруі мұсылман және батыс әлемдерінің шекаралас аймақтарында басталған. Мысалы, Андалусияда, Оңтүстік Франция мен Италияда, сонымен қатар, крест жорығы кезінде Таяу Шығыс елдерінде бұл үрдіс бірінші кезекте жүрді.

Ағартушылық мәдениеттің негізгі тетігі – адам. Ш.Уәлиханов сыртқы әлемге «дала адамын» түсіндіргісі келді. Осы мақсатпен ол қазақ және қырғыз халықтарының миф-аңыздарын, салт-дәстүрін, діні мен тілін зерттеді. Ол жазған «Қазақтардағы жамандықтың іздері», «Үлкен қырғыз-қайсақ ордасының ескі аңыз-әңгімелері», «Қашғария туралы жазбалар», «Сахарадағы мұсылмандық туралы» және т.б. ғылыми еңбектерінде қазақ және басқа түрік халықтарының мәдениетіне энциклопедиялық талдау берген. Ш.Уәлиханов мұсылмандықтың мәдени-тұтастық құрылымын көре білді. Баршамызға белгілі, ұлт мәдениеттердің тоғысуында дүниежүзілік діндер интеграциялық қызмет атқарады. Қысқаша айтсақ, Шоқанның қазақ мәдениетіне қосқан үлесінің негізінде батыстың да, шығыстың да тигізген әсері емес, өз халқының төл мәдениеті жатыр. Қазір, Қазақстанда қазақстандық рухани өнім жоқ деп айтуға болады. Қазақ газеттері руханият пен мәдениетті құтқарып қалу мақсатында тырысып, барын салып жатқанымен, көпшіліктің санасын жаулап алатын мәдениетке арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан басқа айтарлықтай ештеңе жоқ. Біз, басқа жат елдіктердің шикі рухани азығымен күн көрудеміз.

Батыстан, Ресейден келіп жатқан, яғни, теледидардағы бағдарламалардың басым көпшілігі Ресей телеарналарындағы бағдарламалардың баламасы болып кетті. Ел өзінің мәдени және рухани өзегінсіз қалып барады. Қазақта өзіндік тәрбие жүйесі болған. Ата-бабаларымыздың ежелгі өсиеттері, мәдени мұрадан жұрдай ұрпақ тәрбиелеудеміз. Сол себепті де «Қазақ кім?» деген сұраққа жауап беру де қиын. Өйткені, қазақ мәдениеті барлық мәдениеттердің тоғысқан, аралас мәдениетіне айналып кетті. Одан Батыстың да, Ресейдің де, өзгенің де мәдениетінің жұрнағын таба аламыз, бірақ, қазақстандық, қазақтық образ жоқ. Қазақ менталитетіне сай образ жасамай, саяси және экономикалық жетістіктерге қол жеткізе алмаспыз...

Белгілі ғалым А.Т.Құлсариева айтқандай, «қазақ мәдениеті көрмелік мәдениет болып қалмауы керек» [4, 16 б.]. Өркениеттік-мәдени бақталастық жағдайында қазақ мәдениетінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытында күш біріктіру, кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып табылады. **XXI ғ. Қазақстанда мәдениеттің жаңаруы басталды.** Оның негізгі себебі: ақпарат, білім, ғылыми жобалау, әлеуметтік модельдеу. Осының арқасында медиамәдениет қоғам мен мемлекет қызметін атқаруда. Әсіресе, ұлттық тіл мен экономика, еліміздің тәуелсіздік идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданында бітіспес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады. Кабельды телидидар және интернеттің пайдасымен ұлттық қауіпсіздікті қорғауы мен сөз бостандығымен байланысты жаңа тауқыметтер пайда болды. Қазақстан – басқа ұлттардың сақталған ұлттық ерекшеліктеріне құрмет көрсетіп біртұтас мәдениетті қауымға біріккен әр ұлтты халықтар тұратын ел. Сондықтан, рухани мәдениетті дамыту – қазақ үшін өте өзекті мәселе, қазақтың салт-дәстүрін қайта түлетіп, оны жастардың бойына сіңіру қажет. Өйткені, жастардың ұлттық иммунитеті нашар болса, жаһандануға қарсы тұра алмай, жұтылып кетеріміз анық. Егер, қазақ рухани кемелденсе, қазақ мәдениетінің басқа мәдениетті сіңіріп жіберу қабілеті артады. «Дүниеге дәстүрлі көзқарас пен қазақы қатынас ұжымды, өте күрделі, ол тарихтың әр кезеңінде туған әрекеті идеялар мен ұғымдар жиынтығынан түзіліп, әр дәуірдің таным сатыларының тоғысуы нәтижесінде пайда болған сарқыншақтардан синтез құрайды да, халықтың рухани мәдени мұрағаттарының қай саласынан болса да көрініс таба береді» [4, 74 б.]. Бұған тарих куә. Яғни, біз екі мәселені шешеміз. Біріншіден, ұлт болып қалу, екіншіден, қазақты ұйытқы ұлт ретінде басқаларды айналасына топтастыра алуы. Бүгінгі түсіну мен болашақты болжау үшін өткенді білу тарихи білімнің негізгі арқалайтын жүгі болып табылады. Ұлттық идеяның мазмұны қазақ этносының тілін, мәдениетін, білімін дамыту, ұлттық бірегейлігін сақтау сияқты ұлт болмысының өзекті мәселелерін бойына сіңіреді. Қазіргі жағдайлардағы ұлттық идея этносаяси, этномәдени, діни, дүниетанымдық, тілдік және әлеуметтік-психологиялық сипаттағы қақтығыстардың алаңына айналмауы тиіс. Шынайы ұлттық идея әр түрлі құндылықтық бағдардағы адамдарды, біртұтас мемлекеттің азаматтары мен шекара сыртындағы оның отандастарын біріктіруі қажет. Басқаша айтқанда, ұлттық идеяның мәні оның біріктірушілік күшімен айқындалады. Бұл біріктірушілік үдерісінің маңызды бір тұсы – Қазақстанның өзге де халықтарының қазақ ұлтының төңірегіне топтасуы болып табылады. Тарихи құбылыстар әсерінен Қазақстанға қоныс аударған және бүгінгі таңда егемен Қазақстанның толыққанды азаматтарына айналған барлық халық өкілдеріне деген ізгі де төзімді әрі қонақжай қарым-қатынасымызбен, игілікті құрметке қол жеткізудеміз. Дегенмен, бұл салада әлде де ойландыратын, алдағы уақытта жедел түрде қолға алатын көптеген мәселелердің бар екендігі даусыз және бұл конференцияда осы мәселелер жан-жақты сөз болары сөзсіз...

Баршамызға белгілі, Батыс өз экспансиясын, артта қалған халықтарды отарлау саясатынан басқа, сол кезде әрекет етіп тұрған шығысаязиялық (Жапония, Қытай), оңтүстік азиялық (Үндістан) және жетекші елі Осман империясы болған исламдық және православиялық (Ресей) өркениеттерінде үстемдік жүргізуге бағыттады. Тек қана ХХ ғасырда Батыспен қатар әлемдік мәселелерді шешуге қатысқан КСРО, Қытай, Үндістан, ислам елдері тарихи сахнаға шықты. Американдық ғалымы С.Хантингтон қазіргі сегіз

суперөркениеттер туралы бекерден-бекер айтпаса керек. Әлем көпқырлы, көпжақты бола бастады. Бірақ, осы кезден вестернизацияның қарқыны бәсеңсіді деп айту да қиын. Кеңес Одағы тарқап кеткеннен кейін батыстандыруды жүзеге асырушыға АҚШ айналды және ол жаһандану үрдістері кеңмәтінінде болып жатты. Британдық ғалым А.Тойнби айтқандай, «екі немесе одан да көп өркениеттер бір-біріне әсер еткенде, олардың қуаттылығы әр түрлі болып келеді. Агрессияшыл өркениет экспансия объектісінің өзіне тең емес екендігін сезінеді» [5, 184 б.]. Батыс өркениеті өзінің басқа мәдениеттерге қарсы бағытталған қиратушы әрекетін түземдіктерді (бір мағынасында «нағыз адам емес») мәдениет пен өркениетке жеткіземіз дегенді желеу етеді. Ал, түркі халықтарының вестернизацияға берген жауабы өнеге тұтарлық. Қазақ халқымен тағдырлас Түркияда жүргізілген батыстандыру процесінің кейбір ерекшеліктеріне тоқталсақ, православтық-христиандық өркениеттің біршама бөлігін өзіне бағындырғанымен, Батыспен текетіресте османдықтар қауқарсыз болып шықты. Осман империясы әскері 1683 жылы Вена түбінде жеңілгеннен кейін, әлемде Батысқа қарсы тұра алатын күш қалмағандай болды. Венаны қоршаудан соң қорғанысқа көшкен түріктер өз жауы Батыс Еуропадан қару сұрауға мәжбүр болды және батыстық кейбір құндылықтарға жол ашты. Енді, мемлекеттік қызметке грек ұлтының өкілдері алына бастады, оларды Батыспен дипломатиялық қарым-қатынасқа дайындады. Осман армиясы еуропалық үлгіде қайта құрыла бастады, бұл міндетті түрде Батыспен танысқан офицерлердің арасында реформалық қозғалыс тудырды. Танзимат пен жас түрікшілдер қозғалысы дәстүрлі османдық қоғамды шайқалтып жіберді. Абдул-Хамид сұлтан ұсынған, османдық әскери машинаны аздап батыстандыру бағдарламасы өзін ақтамады, ол тасқын бөгетін ашқандай болды. Батыстандыру толқыны артынан бүкіл Оттоман империясын либералды ойлы әскери офицермен тасқындатып жіберді. Кемал Ататүрік Түркияны өркениетті елдер қатарына қосты. Осыдан мынадай бір қорытынды шығаруға болады: батыстандыру тек қоғамның бір саласын ғана қамтымай, оны тұтас өзгертуді өзіне мақсат етіп қояды. Технологиялық басымдылық оның құндылықтарын дамушы елдерге күшпен тануға мүмкіндік береді. Себебі, дамушы елдердің элитасы мен мамандары батыс технологиясымен бірге батыстық ойлау тәсілін де қабылдайды.

Дін мен саясат мұсылман елдерінде тығыз қабаттасып кеткен. Кемал Ататүрік бұл мәселеде де көрегендік танытты. Мұсылмандық мемлекеттің басшысы болып, оларға ислам бөлініп кеткен, бір үлкен сектаның басшысы халиф немесе сол халифтен өкілеттілік алған, жиі ретте басқаруда тиесілі орнын алады. Алайда, өткен ғасырларда бұл инвестируаның көбінесе тек формальды болғанын, және де, қашан халиф күшінен айырылғанда, ол өзінен мықтыларға қарсы келмегенін де, атап өткен дұрыс. Түркиядағы «Танзимат» және Ресейдегі милләтшілдік пен жәдидшілдік идеялары ықпалымен дамыған діни-реформистік ағым исламға түбегейлі өзгерістер енгізді және ол кейін Кемал Ататүрік реформаларында іске асты. Жәдидшілдік атауын қазақ тіліне «жаңару, елдікті сақтау үшін жаңа бағытты ұстау» деп аударуға болады. Бұл бағыт қазақ топырағында жаңа мағынадағы «мұсылманшыл қазақты» қалыптастыруға ұмтылды. Қазақстанда да «Түрікшілдік бағыт» (М.Шоқай, М.Жұмабаев, Т.Рысқұлов, М.Ходжаев т.б.) қалыптасты. Бұл бағыттың өкілдері түркілік өркениет тұтастығы контекстінде қазақ адамын қалыптастыруға шақырды. Бұл типтің басты ерекшеліктеріне тарихи сананы түркілік тұтастық идеясы негізінде жаңғырту, тәңіршілдік, Батыс пен Шығыстан даралану, қазақ халқы түріктің қара шаңырағының иегері деп мойындау және т.б. жатады. Алайда, бұрынғы Кеңес Одағында түркі халықтары Түркиядағы сияқты Ататүрік жолына түсуге мүмкіндіктері болмады. Социалистік қоғамдағы трансформациялар негіздері мен батыстандыру деңгейі Қазақстан түгілі, Ресейдің өзінде жеткіліксіз қарастырылған. Көпшілік еңбектер капиталистік қоғам және социалистік жүйелердегі жатсыну мәселесіне және коллектившілдік принципін қайта қарауға арналған. Қазақстан философтарының едәуірі социалистік қоғамдағы әлеуметтік мәдениетті бұрынғы маркстік методология тұрғысынан сынаумен шектелді. Сол себепті, қазақтың Кеңес Одағы кезіндегі батыстандыру формалары мен төлтумалықтың арақатынасын тікелей қарастырудан бұрын тоталитарлық қоғамның әлеуметтену

негіздеріне қысқаша тоқталып өтсек, біріншіден, адамзат тарихындағы барлық қоғамдарды қауымдасу негіздері бойынша екі түрге (*ынтымақтастықтың келісімді тәртібі* және *күш көрсетуге сүйенетін тәртіп*) бөлуге болады. Егер, біріншісі – тұлғаорталықтық қоғам десек, екіншісі – жүйеорталықтық әлеуметтік құрылымға жатады. екіншісіне жасандылық тән, сондықтан, оны «кұрылыс» (үлгі бойынша жасалған) деп атайды. Осы жүйеорталықтық әлеуметтік қауымдасудың қисынды шегіне жеткен түрін тоталитаризм деп атайды. «Еуропашылдық» белгілі мөлшерде ұзақ уақыт бойы мақтан, жетістік болды. Ол кездегі ұлт интеллигенциясының ішінен тым батысшыл болып, материализм, марксизмдерді де қостап кеткендері кездесіп отырды. Әсіресе, дінге, төл дәстүрге байланысты үстірт пікір айту да орын алды. Оның сол кездегі арғыдан келе жатқан потенциалы, шын мағынасын ажырату керек еді. Жалпы, сол кездегі ұлт элитасы еуропалықтардың өздеріне ұқсап кетіп, экстраверттік мінез танытып (дүние мәселелеріне беріліп), саясатшыл, ұлтшыл болды. Көптеген батыс ойшылдары әлемнің тұтастануын Батыс қоғамының жеңісі ретінде қабылдайды. Мысалы, британдық ғалым К.Поппер: «еркін демократияның елдері, Батыстың ашық қоғамы жеңді» [6, 81 б.]. – дейді.

XX ғасырдың ішінде Батыс-Шығыс қарым-қатынасында үлкен өзгерістер болды, Батыстың өзі күрделі эволюция үстінде еді. Батыс Шығыс руханиятының даналығын тани бастады, ғалымдары буддизм, үнді философиясын зерттеп, Батыс суфизмді өзіне «ашты». Өз философиясын байытты. Жоғарыда айтылған ғалымдар және т.б. дүниеге көзқарас батыс рационализмінен терең болу керек екенін мойындады және материализм, дінсіздік, техноцизмді, беймәдени «демократиялық» болмыстың («көпшілік мәдениеті») зиянын өздері өздеріне әшкереледі. Әрине, ойшылдардың бұл тұжырымдары нақты саясатқа әзірге үлкен әсер ете алмады. Дінді, этиканы мойындау, әлемдік интеграцияны рухани жағынан толықтырып, шынайы «жүректер интеграциясына» айналдыру, әрбір ұлттың қайталанбас келбетін сыйлау, «жанын» түсінуге тырысу, сол арқылы шынайы бауырмалдыққа жету – Батыс пен Шығыс ойшылдарының, жалпы прогрессивтік ниеттегі адамдардың келген қорытындысы. Қандай халық болмасын, жалпы бүкіл адамзат ендігі жерде этикаға, руханиятқа бет бұрмаса, адамды түземесе – жер бетіне үлкен қасірет жақын екені енді анық сезіледі. Осының барлығын ескере отырып біз мынаны айтуымыз керек: «американдану», «еуропалану» да біздің жол емес, ескішіл, фанатик болып, қайтып келмес көшпенділікті аңсау да орынсыз. Біз екі бұрынғы рухани элитаның екі буынының да тәжірибесін, тәсілдерін ұштастырып қолдануымыз қажет. Тура, XIX ғасырдың рационалист-ағартушылары сияқты ойлауымыз жөнсіз. Біздің дәстүршілдігіміз, руханилығымыз, мұсылмандығымыз, шығыстығымыз олардан күшті. Жаппай вестернизация, рухани азу ықпалы күрт өскен жағдайда (өкінішке орай, бізде Батыстың биік мәдениетін, философиясын емес, азғындық жағын насихаттау басым), оған төтеп беру үшін руханият, өз дәстүріміз бізге қорған. Сөйтіп, қана ұлтты дағдарыстан алып шыға алады ұлт зиялылары мен басшылары. Осыған байланысты, қазіргі «вестернизацияның» мынадай қиындықтарын атап өтуге болады: **а)** руханилық пен материалдықтың арасындағы ажыратылу; **ә)** эскапистік және дүниетанымдық ұстанымдардың араласып кетуі; **б)** нонконформизм, конформизм мен девианттық қылықтың өрістеуі; **в)** рационалдықты шектеу, тылсым сана қабаттарымен манипуляциялар жүргізу, жалғыздық, үрей, шарасыздық сенімдерінің өрістеуі; **г)** стандартты қарапайымдалған тіршілік ету баламаларын жасанды ұсыну.

Қорыта айтқанда, қоғамның немесе өркениеттің дамуы үшін қажетті алғышарт – ол мәдениеттің өркендеуі. Мемлекеттің іргесі берік болып, қоғам тұрақты дамуы үшін оның тұғыры берік, стратегиялық бағдарламасы тұрғылықты ұлттың менталитеті мен елдің географиялық орналасу ерекшелігіне негізделген және адамзаттың озық ойы мен тәжірибесін тиімді пайдаланатын болуы қажет. Яғни, мемлекеттің тұғыры бір тіл, бір дін, бір мораль, бір философия, яғни, бір мәдениеттен, және осылардан құралған бір идеологиядан тұрады. Ондай мемлекет тұрақты дамып мәңгі жасайтын болады. Мәдениеттің міндеті мәңгілік туындылар жасау болса, мемлекеттің мақсат-мұраты

осындай мәдениеттің арқасында мәңгі жасау. Ендеше, ХХІ ғ. ұлттық мәдени трансформация кері жылжу емес, біреуді қайталау да емес, жаңа жағдайда творчестволық ізденіс (мүмкін техногендік батыс өркениетіне альтернатива ретінде рухани сипаттағы «еуразиялық» өркениет құру идеясы – егерде оны біз дұрыс түсіндіріп, айқындай алсақ) біздің бүкіл аймақтық мәдени, әлеумет, саяси трансформация процестеріне үлкен өзгеріс, ілгері басу, гүлдену әкелері сөзсіз...

Әдебиеттер тізімі:

1. Валиханов Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. Алма-Ата, 1985. -Т.2.
2. <http://turkiya.kz/?p=260>
3. <http://news.nur.kz/178224.html>
4. Құлсариева А.Т. Ақпараттық қоғам мәдениеті. Алматы, 2017.
5. Тойнби А. Постижение истории. Москва, 2016.
6. Поппер К. Открытое общество и его враги. Москва, 2011.

Аннотация: В данной статье этнокультура тюркских народов рассматривается в контексте диалога Востока и Запада и анализируются основные идеи и ценности западной культуры, а также их значение в формировании западной цивилизации. Дан компаративистский анализ ответов различных этнокультур к вестернизации. Вхождение Казахстана в мировое сообщество происходит в условиях глобализации экономики и культуры, в результате чего возникают коллизии в духовной культуре, связанные с различными цивилизационными процессами. Экономическое реформирование, переход на рыночные отношения, хотя и становятся факторами, которые расширяют и развивают возможности каждого, не в достаточной степени ангажируют этнокультурную политику в казахстанской реальности. Важнейшим механизмом выхода из сложившейся ситуации является решение проблем формирования национальной идеи, которые возникают по мере расширения свободы выбора, легитимного в мире культуры. В связи с этими процессами возникает необходимость исследования оснований для актуализации процесса формирования национальной идеи, в смягчении кризиса этнической самоидентификации, который особенно усиливается под воздействием феноменов массовой культуры, под влиянием избыточной власти, в ситуации расцвета различных форм оккультных практик, эзотерических мистик, культурных девиаций. В статье автор подчеркивает, что бережное отношение к культурному наследию составляет основной признак зрелости национальной идеи. Автор критически анализирует различные негативные позиции по отношению к культурному наследию тюркских народов.

Abstract: This report deals with ethnoculture of Turk people in the context of dialogue between the East and the West. The comparativistic analysis of response of different ethnocultures to westernization is given and the idea of careful attitude to cultural heritage is indicated as basic trait of maturity of the national idea. Critical analysis of negative trends related to cultural heritage of Turk people is given. Kazakhstan's entry into the world community takes place in the context of the globalization of the economy and culture, as a result of which conflicts arise in the spiritual culture associated with various civilization processes. Economic reform, the transition to market relations, although they become factors that expand and develop the capabilities of everyone, do not sufficiently engage in ethnocultural politics in Kazakhstan's reality. The most important mechanism for overcoming this situation is to solve the problems of forming a national idea, which arise as the freedom of choice that is legitimate in the world of culture expands. In connection with these processes, there is a need to study the grounds for actualizing the process of forming a national idea, in mitigating the crisis of ethnic self-identification, which is especially aggravated by the effects of mass culture, under the influence of excessive power, in the situation of the flowering of various forms of occult practices, esoteric mystics, and cultural deviations. In the article, the author emphasizes that a careful attitude to cultural heritage is the main sign of the maturity of the national idea. The author critically analyzes various negative positions in relation to the cultural heritage of the Turkic peoples.